

**"Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген шараларды іске асыру жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 сәуір N 423. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 778 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген дәрі-дәрмекпен жабдықтау, фармацевтік және медициналық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында мына құрамда ведомствоаралық комиссия құрылсын:

- |                              |  |
|------------------------------|--|
| Ерлан Мұхтарұлы              | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт вице-министрі, төраға   |
| Төлебай Қосиябекұлы          | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары  |
| Серік Сапарұлы Дүйсенов      | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің Дәрі-дәрмекпен жабдықтау, фармацевтік және медициналық өнеркәсіпті дамыту басқармасының бастығы |
| Алмас Олжабайұлы Қосынов     | - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық департаментінің директоры                          |
| Геннадий Николаевич Лепешкин | - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығының бас директоры  |

Серік Егелұлы  
Сұлтанов

- "Дәрі-дәрмек" дәрілік құралдар  
орталығы" республикалық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорнының бас директоры

Раушан Ғайсақызы  
Сармурзина

- Қазақстан Республикасы Энергетика,  
индустрия және сауда министрлігі  
Химия және мұнай химиясы  
басқармасының бастығы

Бауыржан  
Жаңабекұлы Аймақов  
директоры

- Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар жөніндегі агенттігінің

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі 1999 жылдың 10 мамырына қарай Қазақстан Республикасының фармацевтік және медициналық өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Ведомствоаралық комиссия "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасының Қазақстан Республикасының фармацевтік және медициналық өнеркәсібін дамыту бөлігінде орындалуын ұйымдастыру және оның іске асырылуын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, 1999 жылдың 30 мамырына қарай ұсынатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі министрліктер мен ведомстволардың "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын дәрі-дәрмекпен жабдықтау мен Қазақстан Республикасының фармацевтік және медициналық өнеркәсібін дамыту бөлігінде іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*